

егемен

Қазықаспан

Отырыс орнықты ұсыныстармен тәмамдалды

Кеше Республикасының Сыртқы істер министрі Марат Тәжин қазанайында Астана қаласында өтуі жоспарланып отырған “Ортақ әлем: әртүрлі карқылы прогреске” атты Мұсылман әлемі және Батыс елдері сыртқы істер министрлерінің форумын дайындау жұмыстарына келген жоғары өкілді топтың мүшелерімен кездесті.

Кездесуді министрдің өзі ашып, қонақтарға форум жұмысына ұсынылатын мәселелерді талқылау барысында барынша белсенділік көрсеткендері үшін алғысын білдірді. Менің орынбасарым отырыс барысында көпқырлы мәселелер бойынша нәтижелі пікір алысу болғанын жеткізді. Мұсылман және Батыс елдерінен келген 40-қа жуық белгілі саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, сарапшылар мен дипломаттардың қатысуымен болған отырыстың өркениетаралық үнқатысудың көп қырлы проблематикаларын түсінуде ортақ көзқарас табуға тырысқан аса жайлы жағдайда өткені қуантады.

Мүмкін мен қазақстандықтардың бұрын айтқанын қайталаймын, бірақ осы бастаманың өзі Президент Н.Назарбаевтың өркениеттер, мәдениеттер және діндер арасында байланыстар орнатудағы Қазақстанның белсенді рөлінің заңды жалғастығы болғанын атап өтуге тиіспін. 2006 жылы Қазақстан басшысы Мұсылман әлемі және Батыс уәжінде форум өткізу туралы алғаш рет бастама көтеріп, ол туралы АҚШ, Ұлыбритания, Бразилия, Испания және т.б. елдер басшыларының өкілдеріне айтқан болатын. Олар бұл идеяны тегіс қолдады. Сонымен бірге, бұл бастама Ислам Конференциясына мүше елдер тарапынан да қолдау тапты.

Айта кететін жәйт, алдымыздағы уақытта болатын шара Испания мен Түркияның бастамасымен іске асып жатқан “Өркениеттер альянсының” мақсаты мен мүддесіне сай келеді. Біз оны Қазақстанның “Өркениеттер альянсы” үдерісін іске асыруға қосқан үлесі деп бағалаймыз және сонымен бірге осынау жаһандық үрдістегі біздің еліміздің Ұлттық стратегиясының құрамдас бөлігі деп қарастырамыз.

Сонымен бірге, алдымызда болатын форумда нақты нәтижені табу және оған қол жеткізу аса қиын жұмыс екені белгілі. Бірақ соған қарамай, біз әлемдік өркениеттерді жақындастыра түсуге ықпал ететін нәтижелердің табылатынына сенімдіміз. Осыған байланысты ұйымдастырушылар жағы сіздердің отырыстарыңыздың назарын министрлер кездесуі күн тәртібінің іргетасын қалайтын мәселерге аударуға тырысты. Сіздердің талқылауларыңызға форумда қабылдануға тиісті кейбір нақты мәселелердің нұсқалары да ұсынылды. Енді олар сіздердің ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңізді ескеріп, жетілдіріле түсетін болады.

Міне, осындай көп сатылы дайындық форумда барлық жақтар қабылдайтын шын мәнінде осы заманғы шешімдерді қабылдауға мүмкіншілік береді. Мұның өзі Мұсылман әлемі мен Батыстың ынтымақтастығы мен түсіністігін тереңдете түсуге жағдай туғызатыны анық.

Одан әрі министр отырыс барысында түскен пайдалы ұсыныстар мен пікірлерге тоқталып өтті. Соның ішінде журналистердің тәжірибе алмасуы,

гуманитарлық білімді барынша кеңейту идеялары, университеттердің теологиялық бөлімшелері арасында ынтымақтастық орнату, жоғары лауазымды қызметкерлердің өркениетаралық және мәдениетаралық үнқатысуды жүргізуге үйренуі, таптаурындылықтан адалану сияқты толып жатқан пікірлер назар аударуға тұрарлық, деді ол.

Сөзінің соңында М.Тәжин осы отырыстағы жайлылық пен түсіністік жағдайы алдағы уақытта болатын министрліктер сарапшыларының отырысы мен министрлердің кездесуінде де сақталады ғой деген үмітін жеткізді. Министрдің сөзінен кейін бірнеше қонақ өздерінің отырыс жұмысына ризашылықтарын білдіріп, Қазақстанның игі бастамасының болашағына ақ жол тіледі.

Жақсыбай Самрат.